



«АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫ» ЖОҒАРЫ ОҚҰ ОҚЫМАСТЫҒЫ
QAZAQSTAN RESPUBLIKASY,
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL
AYDANY, QORGALZHYN TAS JOLY, 8,
614 KAB.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА
АКАДЕМИЧЕСКОЙ
ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА
КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-
СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ,
ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614
КАБ.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER
EDUCATIONAL INSTITUTIONS
«ACADEMIC INTEGRITY
LEAGUE» THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN, 010000, NUR-
SULTAN CITY, ESIL DISTRICT,
KORGALZHYN AVENUE, 8, 614
ROOM.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

«Академиялық адалдық нормалары. Нормалар мен қағидаттарды бұзу» бейне дәріс мазмұны бойынша Ситуативті кейстер

1. Дәлізде екі студенттің нгімесін кездейсоқ естігеніңізді елестетіп көріңіз, онда олар алдағы сынақ кезінде жауаптарды бөлісу жоспарларын (мысалы, құлаққап арқылы) талқылап жатыр. Олар оларды ешкім естімейді деген ойда.

Тестке дейін академиялық адалдықтың бұзылуын болдырмау үшін оқытушы қандай шаралар қабылдауы қажет?

2. 1 курс студенті ғылыми жұмысты орындау кезінде интернеттен мәтінді дереккөздерді көрсетпей көшіру арқылы плагиат жасады. Студент "академиялық адалдық" ұғымымен және академиялық жазылыммен таныс емес. Сіздің курстық бағалау саясатыңызға сәйкес, плагиат үшін бағаның күшін жою қарастырылған.

Оқытушы ретінде сіз не істер едіңіз: жұмыстың бағасын жою я студентке екінші мүмкіндік беру? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

3. Студент тым жақсы дайындалған жұмысты тапсырды, дегенмен студенттің бұрынғы жұмыстары тиісті деңгейде орындалмады. Тиісінше, сіз студент жұмысын өз бетімен орындағанына күмәнданасыз. Жұмысты антиплагиат арқылы тексердіңіз, мәтіннің бірегейлігі нормаларға сәйкес келеді.

Студент жұмысты өз бетімен орындағанына қалай көз жеткізер едіңіз?

4. Компьютердегі емтиханды бірінші болып аяқтаған студентке жақындаған кезде браузерде оқу материалы ашық қалдырғанын көрдіңіз. Емтиханда оқу материалын қолдануға тыйым салынған. Студент бұл кездейсоқтық болғаны және материалды пайдаланбағаны жайлы мәлімдейді.

Сіз қандай әрекет жасар едіңіз?